

**А.Е.Алекторовтың әдеби-фольклорлық және этнографиялық зерттеулеріндегі
мәтіндерді жинау мен жариялауы**

«XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тарихы мен мәдениетін, соның ішінде фольклорын жинау мен жариялау, зерттеу істерінде жаңа күрделі қадамдар жасалды. Қазақ фольклористикасының нағыз бастауы осы кезеңге тән деп тұжырымдауға болады. Бұл кезде Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потаниннің қазақ фольклорына арнаған аса маңызды зерттеулері жарыққа шықты. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениеті жайында көп еңбек қалдырған А.Е.Алекторов, В.В.Григорьев, А.Васильев, И.Н.Березин, Н.Ильминский, П.М.Мелиоранский, А.Харузиндер қызметі негізінен осы кезеңге тұтас келеді».

Орыс географиялық қоғамының, Россия академиясының Петербург пен Қазан университетінің фольклор мен этнографиялық материалдарды жариялап тұруы жер-жерде жинаушылық жұмысты жандандыра түсті. Сөйтіп, әр өлкеде фольклорлық текстер мен этнографиялық мағлұматтарды арнайы жинап, оларды баспа орындарына ұсынып отыратын, тіпті, белгілі дәрежеде, ғылыми шартты ұстанатын әуесқойлар пайда болды. Тек саяхатшылар ғана емес, қазақ ауылына барған дәрігерлер, қызметкерлер, мұғалімдер т.б. оқығандар да фольклор жинаумен айналысып, этнографиялық очерктер жазды. Қазақтың салтын, өмірін, өнерін суреттеп, жергілікті, кейде орталықтағы газет-журналдарда бастырды. Мысалы, сол кездегі облыстарда шығып тұрған «Ведомости», «Памятная книжка», «Дала уалаяты газеті» сияқты басылымдарда қазақ фольклорының текстері мен этнографиясы туралы жазбалар ұдайы басылып тұрды.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялау жұмысы Россия Ғылым академиясы тарапынан да белсенді түрде жүргізіле бастайды. Академияның ғылыми журналдарында орыстан басқа да халықтардың тілі, фольклоры туралы материалдар, деректер, мақалалар көп жарияланды [2, Б.10-11].

Патша өкіметі Ресейге қосылған елдерді билеу үшін, әсіресе, қол астына ұшы-қиырсыз шығыс өлкесінің кіруі себепті өңірде тұратын халықтарды дұрыс басқару үшін олардың мінез-құлқын, тұрмысы мен әдет-ғұрпын, жалпы рухани дүниесін білуге, мемлекеттік саясатты соған орай жасап отыруға қажеттілік туды. Бұл жағдайды біз рухани саладан да анық көреміз. Өз құрамына отар немесе жартылай отар болып толық енген елдің жер байлығы мен шикізат көзін, халықтың шаруашылық жайын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, діні мен тілін жете зерттеуге Ресей мүдделі болды. Соның нәтижесінде қазақ халқының рухани мұрасы да молынан хатқа түсе бастады. Осы кезеңде қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеу жұмысы бірнеше бағытта және түрлі әдіспен жүзеге асырыла бастады. Қазақ фольклорын, тілін, этнографиясын таза ғылыми мақсатта академиялық түрде зерттегендер де бар. Бұл топтағы адамдар фольклорлық және әдеби шығармаларды барынша дұрыс жазып алуға, сұрыптап, жүйеге келтіруге және соларды жарыққа шығаруға, ғылыми түрде талдап, зерттеуге күш салды. Және де бұл жұмысқа 1846 жылы Петербургте құрылған, Ресейдің

Географиялық қоғамының арнайы бөлімшелері Орынборда, Омбыда, Батыс Сібірде және Семейде ашылғаны белгілі [1, 101-б].

А.Алекторов педагогтік-ағартушылық қызметпен шектеліп қана қоймаған. Ол өзі жинаған, жариялаған материалдар туралы зерттеу жұмыстарын да жүргізген. Оның ғылыми мұрасының басым көпшілігі фольклор мен этнографиялық және публицистикалық еңбектер.

А.Алекторовтың қазақ халық әдебиеті үлгілерін жазып алу әдісі мен жариялау шарттары, олардың ғылыми маңызы туралы жазылған еңбек әлі жоқ. Сондықтан оның фольклористігін төмендегідей үш салада – жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілігін қарастырамыз. Алекторовтың қазақ фольклорын жинауда және жарыққа шығаруда еңбегі зор. Оған мұрағат материалдары да дәлел. Алекторовты қазақ даласы, кең байтақ жерде тіршілік ететін халықтың бар болмысы қызықтырған. Ол қызығып қана қоймай, бар ынтасымен ел арасында тараған халық ертегілерін, аңыздарын, әдет-ғұрпын, өнерін, салт-дәстүрінен жазып алып отырған. Зерттеуші қазақ фольклорының барлық дерлік жанрын қамтыған (эпос, ертегі, айтыс, тұрмыс-салт жыры, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, нақыл, ақындар мен жыраулар поэзиясы). Ол қазақ фольклор үлгілерін жинауда өзіндік әдіс-тәсіл ұстанған, өзге зерттеушілермен ұқсастығы мол, бірақ айырмашылығы да жоқ емес. Алекторов халық әдебиеті нұсқаларын 1833 жылдан бастап жинағаны туралы былай дейді: «Мен 1833 жылы Орынбордан Ташкентке дейін сапар шектім. Міне, сол кезден бастап қазақтардың тұрмысын және әсіресе, халықтың әдебиетін зерттеуді тоқтатқан емеспін» [3, С.51].

Фольклорды жинап, жариялау барысында А.Алекторов ең алдымен қазақ тілін жетік меңгерген. Ол халықтың табиғатын тану үшін сол елдің тілі мен тарихын жете білуді басты мақсат етіп ұстанған. Қызмет бабымен Қазақстанның көпшілік жерінде болды, қазақтардың дүниетанымын жақсы түсініп, зерттеуіне мүмкіндік туғызды. «Бұл жағдай, – деп жазады ол, – мені қазақ халқымен тікелей араласуға мәжбүр етті, тіпті жақындатып жіберді, ал мұның өзі әдеби материалдарымды қолма-қол тексеруге жағдай жасады».

1882 жылдан бастап “Оренбургский Листок”, содан кейін “Астраханский Вестник”, “Киргизская степная газеттерінде” және сол жылдары басқа да басылымдарда басылған, оның алғашқы қазақ халқы туралы материалдары жарыққа шыға бастады. Қазақ тілін жетік меңгерген зерттеуші әрбір ауылды аралап, мектеп мәселесін шешіп қана қоймай, мұғалімдер, ауыл ақсақалдарымен кездескен. Атадан балаға, бір елді мекеннен екінші елге жеткен мол мұра – қазақтың ертегілерін, аңыздарын, өлеңдері мен жұмбақтарын, мақал мен мәтелдерін хатқа түсіріп отырған. Алекторов өзінің естеліктерінде, газет беттерінде жариялаған мақалаларында жыл бойы шексіз, шетсіз, жолсыз қазақ даласын аттылы-жаяу аралағаны, қала өмірінен алыс көшпенділер тіршілігіне еті үйрене бастағаны туралы баяндайды. Әр түрлі қиындықтарды басынан кешірсе де, мойымайды. Өзіне қызықты материалдарды жинап қана қоймай, әлі де болса қазақ халқын танымайтын басқа елдерге таныстыру үшін қазақ фольклорының үлгілерін орыс тіліне аударып, жарыққа көптеп шығарған.

А.Алекторов жинаған фольклорлық материалдардың ішінде ертегілер «Астраханский вестник» газетінің 1893 жылғы №1252, 1288, 1302, 1308, 1310, 1324, 1394, 1510, өлеңдер «Оренбургский Листок» газетінің 1890 жылғы №18, 1893 жылғы №13, 1893 жылғы «Киргизская степная газета» №15 санында, аңыздар 1893 жылы Астраханский вестник» газетінің № 1351, 1894 жылғы №10, 1331, 1338, 1351,

«Оренбургский Листок» газетінің 1899 жылғы №37 санында, мақалдар мен мәтелдер және шежірелер «Астраханский вестник» газетінің 1894 жылы №1369, 1390 ал ақындар мен жыраулар шығармалары «Оренбургский Листок» газетінің 1894 жылы №38, 1894 жылғы «Астраханский вестник» газетінің №1377. «Тургайская газета» 1895 жылғы №39, «Известия общества археологии, истории и этнографии» журналының 1898 жылдың бесінші шығарылымында жарияланса, батырлар жыры «Астраханский вестник» газетінің 1893 жылғы №1267, 1274 және 1896 жылы «Дала уалаятының газеті» №38 санында, «Астраханский вестник» газетінің 1897 жылғы №2543 санында, қазақ қолжазбалары «Астраханский вестник» газетінің 1894 жылғы №1383 және 1390 сандарында жарық көрді. Бұл материалдардың біразы әртүрлі газетте қайтадан басылған, сондай-ақ кейбір фольклорлық шығармалар әрі қазақша, әрі орысша жарияланды. Оның қазақ халық поэзиясы, әні, өнері туралы өз байқағандарын этнографиялық очерктерде де арнайы да жазып отырған. Мәселен, қазақтың өлені, импровизаторлық, әншілік өнері, өлен ұйқасы туралы ол «Қазақтың халық әдебиеті» атаумен берілген материалдарында қызықты пікір айтқан.

Жинаушы, жариялаушы ретінде А.Алекторов естіген өлеңдерін қазақ тіліндегі түпнұсқаға қиянат жасамай, бірден орыс тілінде таза, аудармасын дәлме дәл, таза беруге бар білімін, күшін аямай, тер төккенін байқау қиын емес. Мысалы, «Астраханский вестник» газетінің 1893 жылғы 16 санында, 1886 жылы «Оренбургский Листок» газетінің 10 сандарында қазақтардың шығу тегіне байланысты аңыздар, үйлену тойы мен адамды жерлеу салттары, және халықтың ырымы туралы жазылған. «Бата», «ас» сөздерінің мағынасын ашуға байланысты нақты мысалдар келтірген. Ал 1887 жылы ол осы басылымның №22, 24-27, 29, 30 сандарында қазақтардың салт-дәстүрімен кеңінен таныстырады. Әсіресе, 1888 жылы жарыққа шыққан №42 санында «Праздничные игры и забавы киргизов» атты материалында қазақ халықының ұлттық ойындарына көңіл бөлген. Онда төмендегідей қазақ сөздері беріліп, соларға түсінік береді. «Скачки, алтын-кабак « (стрельба из ружья в мелкую монету), борьба и бег (күрес және жүгіру), аударыспак (один стаскивает другого с лошади); көк – пакыл, атпа – кыл и др.

Жоғарыда айтылған басылымдардан басқа «Дала уалаяты газеті» әдеби қосымшалары мен кейбір материалдары болмаса, негізінде екі тілде қатар басылып тұрған. Осы екі тілде басылған шығармалардың орыс тіліндегілері қазақ тілінде, қазақ тіліндегі төл шығармаларды орыс тіліне тұрақты түрде аударған. А.Алекторовтың ел арасынан жинап бастырған қазақ ертегілерін өзінен басқа газеттерге Е.Абылайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсембаев қазақ тіліне аударып, бастырғандары туралы да деректер бар» [4, 6-б.].

А.Алекторов өзі айтқандай, қазақ фольклорын, этнографиялық, әдеби, тарихи материалды үзбей жинап, жариялап жүрген. Оның жарыққа шығарған нұсқалары фольклордың барлық дерлік жанрына жатады. Атап айтқанда: ертегі, өлең, аңыз, мақал-мәтел, эпос, бата, шежіре. Бұлармен қатар ол ақындар мен жыраулар шығармаларынан, қазақ қолжазбаларынан үзінділер, халық ойындарының түрлерін, қазақ тарихына қатысты және этнографиялық материалдарды жариялап отырған. Егер нақтылай түссек, 68 ертегі, 14 өлең, 11 аңыз, 6 шежіре, 96 мақал-мәтел, жұмбақ тек оқулығында біраз қолданған, 2 эпос, (үзінді) жарыққа шыққан. Олар әр басылымда, әр қалада жарық көрген. Басылымның түрлері де әр басқа: газет, журнал, кітап. Осыған байланысты мәтін де белгілі бір мақсатпен жарияланған. Газеттегі, кейде журналдағы мәтіндер көбінесе қазақ

фольклорын насихаттау мен басқа жұртқа таныстыруды көздесе, ғылыми журналдар мен кітапта зерттеушілік ниетпен, ұстаздық оймен бастырылған. Әсіресе, газет бетінде жарияланған мәтіндер өзінің көптігімен және мазмұнының әрқилығымен қызықты. Рас, «Астраханский Вестник», «Оренбургский Листок», «Тургайская газета» сияқты мерзімді баспасөз бетінде мәтіндер көбінесе орыс тілінде берілген, бірақ ара-арасында қазақша да басылып тұрған. Кейбір фольклорлық шығармалар екі тілде бірдей жарияланған, біразы басқа газеттерде қайтадан басылған. Ол барлық мәтінді кириллица әрпімен берген. Оның мәтіндері басылымның түріне қарай өзгешеленіп тұрады. Газеттерде мәтінді қажетті деген түсіндірмемен береді, ал хрестоматияларда басқа принциппен жарияланған.

Қазақ ертегісін зерттеу жұмысының басы – сол ертегілерді жинап жариялаудан басталады десек, газет-журнал бетінде ертегілердің алғашқы жазылып алынған нұсқалары басылған. Олардың қазақ тіліндегі нұсқасы мен аудармасы орыс тілінде беріліп отырған.

Алекторов жазып алған ертегілерін «халықтық ауызша шығарма» деп қарап, өзінің атымен бастырған. Ал зерттеушілердің арасында кейбіреулері кімнен, қай жерден жазып алғаны туралы деректер беріп, өздерін хабарлаушы ретінде көрсетеді. Ертегілерді баспаға бергенде Алекторов соңына қол қойылған авторы болса да, оны жинаушы, зерттеуші ретінде қарастырамыз. Қазақ ертегілерін алғашқылардың бірі болып А.Алекторов жариялаған.

Қарапайым халықтың аузынан шыққан ертегілер құрылымы әр түрлі өрбиді. Оның басқа зерттеушілерге қарағанда ерекшелігі де осы ертегілерге қатысты. Ол 70-ке жуық ертегіні жинап, бастырған. Ең алдымен қазақ тілінде қағазға жазып алып, соңынан газет беттеріне жариялауда орыс тіліне аударған ертегілері басым келеді. Алекторов жинап, бастырушы ғана емес, орыс тіліне аударушы, түрлі түсініктер жазып, ғылыми құндылығын анықтап, жанрларға жіктеуші.

«Дала уалаятының газетінің» 1892 жылғы №38 «Біреу де болса тоғыздан артық», «Үш ағайынды жігіт», «Қаратай», «Нәрік батыр» сияқты халық аузынан жазылып алынған ертегі, нақыл әңгімелерде әділеттікті дәріптеп, зұлымдықты әшкерелеу басым болып келеді. Бұл нұсқалардың көпшілігі дерлік ел аузында қалай айтылса, сол күйінде жазылып алынғаны, ешбір өзгеріске түспей басылғаны байқалады. Жинаушы: А.Е.Алекторов деп қолын қойған. Осы газеттің 1896 жылғы № 37, 38 сандарында басылған «Шал мен жігіт» ертегісі. Тақырыбы: «Әңгіме». Соңынан «бұл әңгімені Торғай облысындағы школдардың бастығы Алекторов жіберді» деп қол қойылған. Бұл ертегінің басқа варианты «Астраханский вестник» газетінің 1893 жылы төрт ертегінің бірі осы атаумен №1302 санында жарияланған.

1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қазақ халық әдебиеті» ертегілер жинағының 1,2,4 томдарына енген Алекторовтың «Нәрік батыр», «Қаратай», «Түлкі мен құмыра», «Түлкі мен ай», «Қасқыр мен түлкі», «Тиін мен қасқыр», «Қоянның зары», «Ешкі мен қасқыр», «Жетім козыны қасқыр жегені» ертегілері де қамтылған. Осының өзі А.Алекторов жинап, жариялаған мәтіндер қаншалықты маңызды екенін көрсетеді және олар текстологиялық жағынан алғанда бүгінгі фольклортану ғылымы үшін құндылығын жоймағанын дәлелдейді.

Түпнұсқаларға жүгінсек, «Дала уалаятының газетінің» 1896 жылдың №№40,41 санында жарыққа шыққан «Қаратай ертегісін» жинап, жариялаған Алекторов екені көрсетілген. Ал «Ертегілер» жинағының түсініктемесінде былай жазылған: «Алғаш рет 1896 жылы «Дала уалаяты газетінің» 40-41 сандарында жарияланған деп жазылып, нақты

авторы кім екендігі көрсетілмеген. «1898 жылы А.В.Васильевтің жинауымен (ОКНС) басылып шықты. Кейін Қазақ ертегілері І том (172-176); Қазақ ертегілері 2 том (67-71 б) жарияланды» делінген. Бұл да текстологиялық салыстыру арқылы әр кезде жарыққа шыққан мәтіндердің алғашқы жинаушысы, тұңғыш жариялаушысы кім екенін анықтауда, сөйтіп әр түрлі себептермен басқа адамдар атымен, яғни жарияланған фольклорлық дүниелердің нақты орындаушысын табуда анықталды.

Әдебиеттер:

- 1.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы: Жазушы, 1974.
- 2.Алекторов А.Е. «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» көрсеткіші. Казань, 1900.
- 3.Қазақ кітабының шежіресі. (1807-1917) библиографиялық көрсеткіші. -Алматы, «Рауан».1996 ж.
- 4.Алекторов А. Материалы для изучения страны, истории и быта киргизов. Выпуск второй. Оренбург, Типо-литография И.И.Евфимовского-Мировицкого в Оренбурге. 1892. С.28.
- 5.Қазақ әдебиетінің тарихы. І-том. 2-кітап. Фольклор. 1960.

Резюме

В этой статье говорится о А.Е.Алекторове, который изучал казахский фольклор и культуру, о его трудах которые были опубликованы.

Resume

Article is devoted to scientist A.E.Alektorovu who studied the Kazakh folklore and ethnography.

Özet

Makalede Kazak dili ve edebiyatı, Kazak kültürü alanlarında önemli eserler ortaya koyan A.E. Alektorov'un edebi-folklorik ve etnografik çalışmalarındaki metin toplaması ve neşretmesi üzerinde durulmuştur.